

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 11 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 шілдеде № 3912 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 25 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 15.11.2017 № 25 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 97 ұсынысы негізінде Ойыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жасқайрат ауылында бір мүйізді ірі қара малынан құтыру ауруының пайда болуына байланысты Қамиса Қарасартова көшесінде орналасқан № 1/1, 1/2, 2/1, 2/2 үйлерге шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Қызылқоға аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Қызылқоға аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі:

КЕЛІСІЛДІ:

М. Жексенов

Атырау облысы Денсаулық
сақтау басқармасының
"Қызылқоға аудандық орталық
ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорны бас дәрігері
" ____ " _____ 2017 жыл

С. Тайшыбай

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық
денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің
Қызылқоға аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы
" ____ " _____ 2017 жыл

Г. Ажигалиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК